

**ЎЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ХАЛЫҚҚА БІЛІМ  
БЕРУ МИНИСТРЛІГІ**

**НАУАЙЫ МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКА  
ИНСТИТУТЫ**


**ФИЗИКА- МАТЕМАТИКА ФАКУЛЬТЕТИ**

*Математика –информатика бөлімі*

**«Информатика және ақпарат технологиялары»  
кафедрасы**

# **КЭСІПТІК БІТІРУ ЖУМЫСЫ**

*Тақырыбы: «Өзіндік жұмыс тәлімін жаратуда  
компьютер технологияларынан пайдалану әдістері»*



**Орындаушы:** «Физика -математика» факультеті  
«Математика-информатика» бөлімінін 4-  
курс«Б»тобынын бітірушісі *Рахманова Гайнизада*  
**БЕКПУЛАТОВНА**

**Ғылыми Жетекші:** «Информатика және ақпарат  
технологиялары» кафедрасының оқытушысы  
**РАЙМОВА М.У.**

*Науайы – 2013жыл.*

**МАЗМУНЫ**

## **ЖОСПАР**

### **КІРІСПЕ**

**Өзіндік жұмыс, оның түрлері және пәндерді оқытуда өзіндік жұмысты ұйымдастырудың әдістемесі**

**Өздік жұмысты ұйымдастыруға қойылатын талаптар:**

**Жалпы Орта Білім Беру Мектептері жағдайында сыныптан тыс жүргізілетін жұмыстар**

**Жоғарғы оқу орындарындағы студенттердің өздік жұмыстарын ұйымдастыру жолдар**

**Жоғарғы Оқу Орындарында студенттердің өзіндік жұмыстарын ұйымдастырудың формасы ретінде**

**ҚОРЫТЫНДЫ.**

**ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:**

## **ЖОСПАР**

### **КІРІСПЕ**

**Өзіндік жұмыс, оның түрлері және пәндерді оқытуда өзіндік жұмысты ұйымдастырудың әдістемесі**

**Өздік жұмысты ұйымдастыруға қойылатын талаптар:**

**Жалпы Орта Білім Беру Мектептері жағдайында сыныптан тыс жүргізілетін жұмыстар**

**Жоғарғы оқу орындарындағы студенттердің өздік жұмыстарын ұйымдастыру жолдар**

**Жоғарғы Оқу Орындарында студенттердің өзіндік жұмыстарын ұйымдастырудың формасы ретінде**

**ҚОРЫТЫНДЫ.**

**ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:**

Мен ХХІ - ғасыр руханият ғасыры, білім-пән және мәдениет және ақпарат ғасыры болып калуына сенемін”

**И.А Каримов.**

## **КІРІСПЕ**

Қазіргі жағдайда жоғары мектеп дамуында уақыт талабына сай жоғары білікті маман даярлайтын оқыту әдістерін өңдеу, болашақ кәсіп иелерін тәрбиелеу мәнді болып отыр. Болашақ мамандарға қойылатын мақсат – міндеттердің күннен-күнге өсуі жоғары оқу орындағы оқу процесінің тиімділігін арттыру үшін үлкен ізденіс пен шығармашылық қалыптасу жолын талап етеді.

Біздің қоғамымыздың қоғамдық-экономикалық реформалануы адам өмірінің барлық сферасында саналылық деңгейін, сонымен қатар адам мәңгілігінің қалыптасуының негізгі бағыты ретінде кәсіби іс-әрекетті де жоғарылатуды көздейді.

Осыған орай қазіргі қоғамдағы ақпараттандыру мен компьютерлеу, оқу процесінде техникалық құралдардың дами түсуі және жаңа білім беру технологияларының енгізілуі оқу процесіне, соның ішінде оқу мотивациясына әсері қаншалықты екені бүгінгі күнде өте маңызды болып отыр.

Бүгінгі таңда ғылыми-техникалық процесс тек адамның күнделікті өміріндегі барлық сферасында тікелей араласын қоймай, сонымен қатар студенттерді дайындау шарттарының талаптарына да араласуда. Осы жүзге асырып жатқан жаңа инновациялық технологиялар студенттің тұлға болып қалыптасып, дамуына өте дерек әсер етеді.

Жүргізілген зерттеулерге қарағанда жаңа инновациялық технологиялар кезінде көп студенттер керек деңгейдегі оқу мотивацияларының жоқтығы анықталған. Сондықтан да студенттердің оқу

іс-әрекеті кезіндегі оқу мотивацияларының жаңа инновациялық технология жағдайында өзгеруі жайлы түсініктер мамандықты дайындау базасында болуы керек.

Осыған орай инновациялық оқу жүйесіндегі педагогикалық мамандық студенттерінің оқу мотивациясын анықтау өте өзекті болып табылады.

Оқыту процессі екі жақты процесс болғандықтан, тек мұғалім өзінің іс-әрекетінің дұрыс болуына қанағаттанып қоймай, оқушылардың және студенттердің де танымдық әрекеті мен белсендігін дамытуға ерекше көңіл аударуы тиіс. Мұның өзі оқыту ісі мен студенттің болашақ маман болып дамуы мен қалыптасуына әсері туралы өте күрделі психологиялық және педагогикалық мәселе кәзірде маңызы аса зор.

Жоғары оқу орында кәсіптік оқу сапасын, жалпы оқу мотивациясын көтеруге қажетті білімдер қосу мүмкіндігінде.

Алынған нәтижелер жоғары оқу орында кәсіби мамандар даярлауда оқу процессінің тиімділігін арттыруда, болашақ мамандардың кәсіби бағыттылығын қалыптастыруда оқу іс-әрекетін ұйымдастыруда және кәсіби тұлғалық аномалиердің мақсаты бағытталған профилактикасын жүзеге асыруда қажет. Зерттеудің практикалық құндылығы, сондай-ақ енгізілген жаңа оқу жүйесінің тиімді және келенсіз жақтарын анықтай отырып, оқу процессін бағыттау мен оқу іс-әрекетін балсенді субъектісінің қалыптасуына ықпал етуде.

Зерттеу нәтижелерін, қорытындылары мен ұсыныстарын оқу тәрбие жұмысында оқытушылар пайдалануы мүмкін.

## **Өзіндік жұмыс, оның түрлері және пәндерді оқытуда өзіндік жұмысты ұйымдастырудың әдістемесі**

Өзіндік жұмыс – оқушының күрделі іс-әрекеттерінің бір түрі немесе оқу жұмыстарының арнайы бір формасы болып табылады. Шағын жинақты бастауыш мектепте оқу-тәрбие жұмыстарының ерекше көңіл аударатын бір саласы – оқушылардың өздігінен орындайтын жұмыстары. Бірнеше сыныппен жұмыс істейтін мұғалімнің негізгі педагогикалық міндеті – жеке сыныппен жұмыс істейтін мұғалімнің алдына қойған міндетпен бірдей. Ол да оқу жоспарын, бағдарлама талаптарын орындауға тиіс.

Өзіндік жұмыстардың нәтижелі болуы үшін алдымен «өзіндік жұмыс» деген ұғым нені білдіріп тұрғанын анықтап алу қажеттігі туады: біріншіден, өз бетінше жұмыс балалардың түрлі тапсырмаларды, жаттығуларды ешкімнің көмегінсіз орындаулары, екіншіден, мұндай жұмыстар балаларды ұқыптылыққа, тәртіптілікке, жинақылыққа, бақылай білуге тәрбиелейді.

Өзіндік жұмыс түрлерін ұйымдастыруда мынандай талаптарды орындау керек:

1.Өздігінен орындайтын жұмыстың мазмұны бағдарлама талаптарына сай болуы керек;

Өзіндік жұмыс оқушылардың ойлау қабілетін дамытуға тиіс;

Өзіндік жұмыстың түрі, мазмұны әртүрлі болуы керек;

Әрбір орындалған өзіндік жұмыс тексеріліп, бағалануы керек.

Өздік жұмысты ұйымдастырудың шарттары мыналар:

мұғалімнің нақты тапсырмалар (нұсқаулар) беруі;

жұмысты орындаудың және аяқтаудың уақытын белгілеуі;

мұғалімнің басқаруымен оқушылардың дербестігінің мөлшері, олардың жұмысты өз еркімен және қалауымен істеуі;

оған әсер ететін мотивтер.

Өзіндік жұмыстың түрлері сан алуан. Оларды топтастыру - күрделі мәселе. Оның жиі кездесетін бір тобы – сабақ мақсатына қарай қолданылатын жұмыс түрлері:

а) Жаңа білімді меңгеру (материалды жан-жақты талдау, мұғалімнің ауызша баяндауының жспарын, конспектісін жасау т.б. тәсілдерге үйрену).

ә) Жаңа білімді бекіту (түрлі жаттығулар, есеп шығару, түрлі жазбаша, графикалық, практикалық т.б. жұмыстар).

Өздік жұмысқа мынадай талаптар қойылады:

1) Тапсырма әрбір оқушының білім деңгейіне байланысты таңдалуы керек.

2) Өздік жұмысты орындауға жеткілікті уақыт берілуі керек (8-15 мин. ұзақ болмайды).

3) Міндетті түрде тексерілуі керек.

4) Жұмыс сабақтың мақсатына байланысты (жаңа материалды қабылдауға, өткен материалды бекітуге, қайталауға, білімді тиянақтауға) таңдалады.

5) Өздік жұмыстың мақсаты, орыдау әдісі оқушыларға түсінікті болуы тиіс.

6) Өз бетімен жұмысқа оқушылар білім деңгейіне байланысты әр түрлі уақыт жұмсайтынын ескеріп, тақтаға не карточкаға қосымша материалдар дайындап әкелу керек.

7) Ескертпе, түсініктеме-карточкалар, перфокарталар дайындау қажет. Оқушыларға өзіндік жұмыс ретінде пәндер бойынша мынадай тапсырмалар беруге болады.

Қазақ тілі сабақтарында – түрлі жаттығу жұмыстарын орындау, қима қағаздармен, перфокарталармен жұмыс, сурет бойынша сөйлем, әңгіме құрау, сөздіктермен жұмыс тапсырылады. Мысалы, мұғалім грамматикалық талдау жасауға сөз, сөйлем немесе мәтін береді. Жоспар жасатады (әуелі ауызша, сонан соң жазбаша жоспар жасатады). Мұндай жаттығуларды балалар өздіктерінен орындағанымен, оның қалай орындалатыны көрсетіліп, алдын ала дайындық жұмыстары жүргізіледі. Балалар бір тапсырмадан кейін екіншісін орындайды, олар жұмыстарын өздіктерінен тексереді, қалай орындағандарын мұғалімге айтады. Негізінде қазақ тілі сабақтарындағы жаттығулардың барлығы оқушыларға өздіктерінен жұмыс жасатуды көздейді. Алайда жаттығу ұғымы

оқушыларға өздіктерінен жұмыс жасатудан кеңірек. Жаттығу – мұғалімнің басшылығымен орындалатын, оқушылардың алған білімдерін бекітуді көздейтін тұтас тәжірибелік жұмыс. Жаттығуда уақытқа шек қойылмайды. Ал оқушылардың өздіктерінен істейтін жұмыстарына белгілі мөлшерде уақыт беріледі.

Балалардың қазақ тілі сабақтарында өз беттерінше грамматикалық талдау жасауы төменгі сыныптардың өзінде-ақ іске асырыла бастайды.

1-сыныптың балалары оқу жылының екінші жартысынан бастап тақтадан, болмаса оқулықтан қысқа мәтіндерді көшіріп жазатын болады, кейбір сөйлемдерді бөліп, жеке айырып жазып қояды, мұғалім астын сызып көрсетіп берген сөздерді жазып алады, кеспе әріптерден сол сөздерді құрастырып, сөздің әрқайсысын буынға бөледі, мәтіннен көшіріп жазып алған сөздердегі дауысты және дауыссыз әріптерді көрсете алатын болады.

2-сыныптың балалары нәрсені, сапаны, әрекетті білдіретін сөздермен танысып болғаннан кейін, олар мәтінде кездескен сол сөздерді өзбеттерінше тани біледі, оған өздерінше сұрақ қоя алады. Заттың атын, сапасын, әрекетін білдіретін сөздерді алдымен жеке-жеке, содан соң топтап жазады, ол сөздердің астын сызып қояды. Содан кейін заттың атын білдіретін сөздерді, оның сапасын болмаса әрекетін білдіретін сөздермен біріктіріп құрастырады. Сол сияқты 2-сыныпта сөздерді буынға бөлу, ұяң және қатаң дауыссыз дыбыстарды табу, сөз екпіні түсетін буындардың астын сызып қою, екпінді дауысты дыбыстарды табу балалардың өз беттерінше істейтін жұмыстары есебінде жүргізіледі. Сөздің түбірімен танысып болғаннан кейін балалар мұғалімнің оқып берген мәтініндегі біріне-бірі ұқсас сөздердің астын сызып, көшіріп жазуға дағдыланады. Балалар біраз уақыт дағдыланғаннан кейін сол түбірге ұқсас түбірлі сөздерді іздеп табуға жаттығады.

Өз бетінше жұмыс істеудің бұл түрлері кейінгі сыныптарда да кеңінен қолданылады.

3 және 4-сыныптарда балалардың өз бетінше грамматикалық талдау жасауын ұйымдастыру кең өріс алатын болады. Балалар өз беттерінше сөзге морфологиялық, грамматикалық талдау жасайды. Жазбаша грамматикалық талдау жұмыстарын алғашқыда сызба бойынша өткізген қолайлы. Сызба балалардың зейінін тәртіпке келтіреді, сөз таптарының грамматикалық тұлғаларын есте сақтауға жәрдемдеседі және әртүрлі грамматикалық тұлғаларды өзара салыстыруға мүмкіндік туғызады. Сызбаны пайдаланбай мәтінді жазбаша грамматикалық талдау жасау көбінесе бақылау жұмыстары сияқты болып жүргізіледі. Балалардың өз беттерінше қандай да болсын грамматикалық талдау жасау түрлері грамматика және орфография сабақтарының бір бөлімі болып өтуге тиіс.

Оқушылардың өздіктерінен істейтін жұмыстары бастауыш сыныптарда ұзақ болмауы керек және көлемі шағын, мазмұны оңай болуға тиіс. 2-сыныпта – 5-10 минут, 3-сыныпта – 10 минут, 4-сыныпта 10-15 минуттық тапсырмалар беріледі. Мұғалім оқушылардың өздіктерінен орындайтын жұмыс түрлерін, әр пәннің ерекшелігін ескере отырып, алдын-ала дайындауы керек.

Өздігінен орындайтын жұмыста ұйымдастыру – сабақтың ең күрделі кезеңі. Өйткені, жұмысты оқушылардың бәрі бірдей бір мезгілде аяқтамайды. Қазіргі кезде білім сапасымен оқушылардың жеке басының қабілетін дамыту қай кездегіден де өткір қойылып отыр. Ол үшін мұғалім оқытудың технологиялық жаңа әдіс-тәсілдерін пайдалануы керек. Өз бетінше жұмысты ұйымдастыруда баланың жеке қасиеттерін ескеріп, жекелей, саралай оқыту әдісін пайдаланған дұрыс. Ана тілі сабақтарында оқушылардың өздігінен орындайтын жұмысын басқару ісі 1-сыныптан басталады. Ал, 3-сыныпта жүргізілетін жұмыстар 2-сыныпқа қарағанда мазмұны және көлемі жағынан күрделі болады. Оқушылардың

өздіктерінен жұмыс істеу әрекеті бірден қалыптаспайды. Ол өте күрделі үдеріс болғандықтан, қарапайым сатыдан жоғары, күрделі сатыға қарай біртіндеп дамиды.

Ана тілі сабақтарында оқушылардың өздіктерінен орындайтын жұмыстарының түрлеріне тоқтала кетсек: ертегілерге байланысты салынған суреттермен жұмыс, қима қағаздар түрінде жасалған шағын әңгімелерді өз беттерінше оқып мазмұнын айту, тақырыптардың авторлары (ақын, жазушылар) және олардың өмірбаяны туралы қосымша деректер, сюжетті суреттермен жұмыс, оқыған әңгімелері бойынша сурет салу, мазмұндама немесе шығарма жазу, тақырыптаы өз бетінше аяқтау, бөлімдерге бөлу, ат қою, сұрақтарға жауап әзірлеу, газет, журнал материалдарымен жұмыс, сахналық көріністер әзірлеу сияқты жұмыс түрлерін тапсыруға болады.

Әр сыныпта өткізілетін сабаққа тиісінше уақыт бөлінуі оқушылардың өзіндік тапсырмаларды ұқыпты орындауына көмектеседі. Оқушыларға өздіктерінен жұмыс істету тек білімді бекіту үшін ғана емес, жаңа материалды түсіндіруде де қолданылады. Мысалы, мұғалім оқулықтан тиісті материалды оқытады, онда не айтылғанын, қалай қорытылуға болатынын ойлануды тапсырады немесе белгілі бір ережені оқытып, мысалдарды талдауға осы ережені қолдануды тапсырады. Ал, оқушылардың тапсырманы сыныпта, үйде өздігінен орындай білуі – оның бойында қалыптасқан білім, білік пен дағдылар сапасының сенімді көрсеткіші.

Математикадан мынадай тапсырмалар жазуға болады:

оқытушының көрсеткен үлгісі бойынша орындалатын;

оқытушыдан алған білім, білік, дағдыларын өз бетімен пайдалануды талап ететін, бірақ оқытушының басқаруын пайдаланған жағдайда;

алған білім, біліктерін басқа жағдайда пайдаланғанда;

оқушыдан ойлауды, шығармашылықты талап ететін байқау, талдау арқылы жаңа қорытынды, анықтамаға шығаруға болатын тапсырмалар.

арифметикалық амалдар кестесін есте сақтауға арналған;

есептеу тәсілдерін игеруге арналған:

ұқсастық пен айырмашылықты ажырату, талдауға арналған;

белгілі бір түсініктемелердің арифметикалық амалдармен байланысына арналған;

байқау негізінде қандай да бір заңдылықты айыру;

дидактикалық ойындар, қызықты тапсырмалар.

Оқушылар өздігінен жұмыс істей білуі үшін, алдымен, мұғалімнің берген үлгісіне қарай еліктеу негізінде қарапайым тапсырмалар орындайды. Мұндайда жұмыстың мазмұнын жасау әдістерінің бәрін мұғалімнің өзі айтып береді, ал оқушы тек орындаушы ғана. Ал егер мұғалім оқушыға бәрін өзі айтпай, бұрын алған білімдерін қолдануға лайықты жағдайлар туғызатын болса, сол кезде оқушы өздігінен ізденіп, жаңа міндеттерді шешуге тырысады. Сондықтан мұғалім оқушылардың өздік жұмысын ұйымдастырғанда, алдымен оларды өздігінен жұмыс

істеуге дайындайтын жаттығулардан бастап, кейін мұғалімнің көмегімен жасайтын жартылай дербес, ең соңында толық өздігінен жасайтын жұмыстарға үйрету қажет.

Мұғалім оқушыларға шамалары келетіндей тапсырмалар ұсынады, онда жұмыстың мақсаты, оны бөлімдер бойынша орындау реті (өзін-өзі бақылау); мұғалім тексеру үшін алынған нәтижелерді әзірлеу, реттеу (кері информация) тәсілдері, жұмысты орындау мерзімі келтіріледі.

Мұғалім тапсырманың дұрыстығын, оқушылардың оның мазмұны мен нәтижесін қаншалықты түсініп меңгергенін анықтайды: Демек, мұғалім бақылаушы ғана емес, ұйымдастырушы да, оқушының өздік жұмысын тексеруші де. Мұғалім тапсырма арқылы олардың таным қабілетін бағдарламалайды, оны бір мақсатқа бағыттап, сапасын анықтайды.

Оқушылар тапсырма алады, меңгерген білім қорына сүйене отырып, оның мақсаты мен орындау тәсілдерін ойластырады және ең маңыздысы – жұмысты өздігінен орындау барысында алынуға тиісті нәтижелерді дағдарламалайды. Содан соң істелген жұмыстың дұрыстығын үнемі тексере отырып, тапсырманы бөлімдері бойынша орындайды. Алынған нәтижелерді реттеп әзірлейді (өзін-өзі бақылайды) және жазу жұмысы, цифрлар, сызулар, суреттер, модельдер т.б. тексеру үшін мұғалімге тапсырады. Оқушылардың оқу жұмысын, оқу әрекетінің жемісті болуы – оқу жұмысын тәсілдерін меңгеруге байланысты.

Мұғалім оқушылардың өздігінен орындайтын жұмыс түрлерін пән ерекшелігіне, тақырыптың ауыр-жеңілдігіне қарай ұйымдастыруы қажет.

Оқу үдерісі екі жақты үдеріс болғандықтан, оқушылардың өздік жұмысы міндетті түрде мұғалімнің басшылығын, сонымен жасайтын әрекетін де керек етеді. Осыған байланысты кейбір педагогтар мен психологтар (Р.Г.Лемберг, М.Н.Скаткин, В.А.Занков т.б. ) оқушылардың өзіндік жұмыстарының негізгі ерекшелігі – олардың ықыласы мен өз еркімен әрекет жасауына байланысты деп санайды.

Өзіндік жұмысты ұйымдастырғанда, оқытушы оқушылардың дара ерекшелігін ескеріп, соған қарай беретін тапсырмаларды өзгертіп отырғаны жөн, орындалған жалпы жұмыстың қорытындысын, қалай қорытқанын тексеру керек.

Өздік жұмыстарды ұйымдастыру үшін, мұғалім мынадай үш жағдайды ескерген жөн:

Оқушылардың өздік жұмысының мазмұнын анықтау (берілетін білім және оны міндеттері).

Өздік жұмысты ұйымдастырудың жоспарын жасау, қолданылатын амал-тәсілдерді белгілеу.

Оқушыларға жұмысты ойдағыдай аяқтауға бағыт беріп көмектесу (жұмыстың жүйелі барысына басшылық ету, тиісті түзетулер жасап отыру).

## **Өздік жұмысты ұйымдастыруға қойылатын талаптар:**

жұмыстың көлемін шамадан асырмай, оның сапасын арттыруға көңіл аудару;

оқушылардың өздік жұмысын оқу жұмысының басқа түрлерімен дұрыс ұштастыру білу;

оқушылардың дербестігін арттырып, өз бетімен білім алу қабілетін жүйелі түрде дамыту.

Өздік жұмыстың мазмұнына мүмкіндігінше күнделікті өмірден алынған материалдарды, мәліметтерді, хабарларды енгізіп пайдалану.

Жаңа оқу жылына бір апта қалғанда, бала саны анықталып, сынып комплект құрылып, оқу-тәрбие үдерісінің жылдық жоспары, математикадан жылдық күнтізбелік жоспар және оқу кестесі жасалады. Сабақтың жақсы өтуі үшін оған жан-жақты дайындық және оны шеберлікпен өткізу қажет. Сабаққа дайындалмас бұрын мұғалім өтілетін материалды жан-жақты меңгеріп, оны өткізу әдістемесімен таныс болуы тиіс. Мұғалім қатар жүргізілетін сыныптардағы сабақтың барысын алдын-ала ойластырып, өз жұмысының әрбір деталін жоспарлауы тиіс, әсіресе, оқушылардың өздік іс-әрекеті ойластырылуы тиіс. Содан соң сабаққа қажетті құрал-жабдықтарды, яғни көрнекі құралдар, мәтіндер, жаттығуға арналған сұрақтар мен мысалдар, дидактикалық материалдарды дайындап алып, содан кейін ғана сабақ жоспарын жасауға кірісуі керек. Кейінірек сабақтағы әр түрлі жұмыстар қандай ретпен өтілетіндігін анықтайды. Соңынан жазылған сабақ жоспарын тексеріп алу қажет.

Сабақты жоспарлау кезінде сабақты қай сыныптан бастау керектігі анықталуы тиіс. Ал сабақты өткізу кезінде жазылған жоспардың орындалуы қадағаланып, оқушылардың өзіндік жұмысын мұғалімнің тікелей басшылығымен жасалатын жұмыс түрлерімен алмастырып отыру керек.

## **Жалпы Орта Білім Беру Мектептері жағдайында сыныптан тыс жүргізілетін жұмыстар**

Сыныптан тыс жұмыс бүкіл оқу үдерісінің құрамды бөлігі, сабақтағы жұмыстардың табиғи жалғасы болып табылады.

Сыныптан тыс жұмыстардың негізгі міндеттері: оқушылардың практикалық дағдылары мен біліктерін кеңейте және тереңдете түсу, логикалық ойлауды, тапқырлықты дамыту, қабілетті және дарынды балаларды көрсетіп, олардың ой-өрісінің әрі қарай дамуына көмектесу, математикаға қызығушылығын арттыру, табандылыққа, еңбекке деген сүйіспеншілікке, ұйымшылдық пен ұжымшылдыққа тәрбиелеу.

Сыныптан тыс жұмыстар оқушылардың өз еріктерімен қатысуына мүмкіндік береді. Онда оқушыларға баға қойылмайды, бірақ қандай да бір іс-әрекеттері, есептеу шапшаңдығы, тапқырлығы, ұтымды әдістерді пайдалануы мадақталуы тиіс.

Сыныптан тыс жұмыстарды жүргізу үшін мұғалім сынып-комплектінің балаларының жас ерекшелігін, білім деңгейлерін ескеріп, әр сынып балаларына шамалары келетіндей, қиынырақ материалдарды немесе материалдардың негізгі курсы оқып-үйренуде толықтырушы болып табылатын материалды тандап алуға болады. Аталмыш жұмыстардың өзгешелігі – математикалық ойын-есептер, ойындар, жарыс т.б. сипатта болады, онда балаларды қызықтыратын формадағы жаттығулар қолданылады, бірақ ол жаттығулар мәселенің математикалық мәнін түсінуге, математика жөнінен білімдерін тереңдетуге және айқындауға себі тиюі тиіс.

Мұғалім сыныптан тыс жұмыстардың түрін таңдауды, оны ұйымдастыруды, белсенділікті және оқушылардың өз бетіндік жұмыстарын жан-жақты қамтамасыз ететіндей мұқият ойластыруы тиіс.

Сыныптан тыс жұмыстарға мыналар жатады: сыныптан тыс сабақтар, математикалық бұрыштар, математика кештері немесе ертеңгіліктер, математика үйірмелері, олимпиадалар, спартакиадалар, ҚМК (КВН), т.б.

Сыныптан тыс сабақтар (қызықты математика сабағы). Сабақ барлық сыныптарға арналып жүргізіледі, сабақтың ұзақтығы оқушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты 30-40 минутқа дейін, сабақ айына бір рет болуы мүмкін. Мазмұны жөнінен сабақтағы жұмыспен байланысты болуы керек, бірақ қиын есептер, тапқырлық есептері, ойын-есептер, геометриялық мазмұнды қызықты есептер, логикалық есептерді шығару көзделеді. Сиқырлы шаршыларды толтыру, ойлаған санды табу, ребустарды, шарадаларды, жұмбақтарды шешу (балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкестендіріле) ұсынылады. Айшықты бояулармен салынған плакаттар, суреттер пайдаланылады, ертегілердің кейіпкерлері кірістірілсе, сабақ әсерлі өтеді. Онда топтық және жеке-дара жұмыс ұйымдастыруға мүмкіншілік мол, сонымен бірге оқушылардан тапсырмаларды тек дұрыс орындау ғана емес, оны дәлелдей, негіздей білу де ескеріледі, талап етіледі.

#### 1. Біріктірілген 1 және 2-сыныптардағы сыныптан тыс сабақ:

Алдымен оқушыларға сабақтың түрі, балалар деңгейіндегі сабақ мақсаты хабарланады. Содан кейін тақтаны екіге бөліп, бір бөлігіне 1-сынып, келесі бөлігіне 2-сынып деп жазылады.

«Тез есепте!»  $1+2+3+4+5+6+7+8+9+10$

Топқа бөлініп әр топ капитанын сайлайды, оларға өз деңгейінде (бірінші сыныпқа арналған тапсырма жеке, ал екіншіге- бөлек)

тапсырмалар беріледі, неше тапсырма дұрыс орындалғаны есептеледі.

Мысалы:

2+8 9+1 10-10 20+3 30+10 60-4

10-8 5+5 10-0 4+20 50-20 86-6

Әр топқа түстері әр түрлі жетондар дайындалады да, тапсырмаларын Тапқышбектің қалтасына салады.

Эстафета. Әр бала санайды, санаған сандары есте сақталады. Сол сан баланың нөмірі болып есептеледі. Қалтадан бір сан алып, оны өз нөміріне қосады. Келесі бала оған өз нөмірін қосады, осылай соңғы балаға дейін жалғасады, кім бұрын және дұрыс есептесе, сол топ жеңіске жетеді.

2. Математикалық бұрыш. Оны оқушылар мұғалімнің басшылығымен құрады. Онда математикалық дәптерлер көрмесі, есеп құрастыру үшін цифрлі мәліметтері бар газет қиындыларынан жасалған альбомдар, өз бетімен құрастырылған есептер жинағы, математикалық есептер, мысалдар және түрлі жаттығулар орындауға арналған тапсырмалары бар түрлі-түсті кестелер болады. Математикалық газеттің атауы қызықты болуы тиіс, мысалы, «Жас математик», «Тапқыр болсаң, тауып көр», «Тапқышбектер клубы», «Ойлан, тап!», «Ойлайық та, ойнайық!», «Математик-ғалымдар», «Менің білгім келеді» т.б. Газет бетінде берілетін тапсырмалар әр сынып балаларына арналуы тиіс, мүмкін болса, әр сынып балаларына арнап, жеке-жеке газет шығарылса ролі орасан зор болар еді. Әрбір газетте балалардың тізімі, апталық не бір күннің тапсырмалары, оқушының жауабына арналған конверт болуы тиіс. Газет тапсырмалары мерзімі келгенде, міндетті түрде тексеріліп, бағаланып, ұпаймен қорытындыланады.

3. Математикалық кеш (математикалық ертеңгілік). Математикалық кеш өткізілмес бұрын газет шығарылып, онда әрбір сынып арасында жарыс ұйымдастырылатыны айтылады. Әділ қазылар мүшелері сайланып, карточкалар, тапсырмалар дайындалып, оқушыларға қарсы топқа сұрақтар дайындауға тапсырмалар беріледі. Кеште 3 және 4 сынып оқушылары жарысуы мүмкін.

Жоспары:

Кешті ұйымдастыру.

Әңгіме. (жалпы кеш белгілі бір тақырыпқа құрылуы мүмкін).  
«Адамдар санауды қалай үйренген?», «Бізді қоршаған ортадағы шамалар»

Жарыс – тапсырмалар (екі топқа ортақ сұрақтар).

Ойын «Арифметикалық жүгіру».

Тақырыпқа берілген тапсырмалар.

Ең мықты есептеушіге сұрақ.

Топтардың қарсы топқа қоятын сұрағы.

Викторина.

Қорытынды.

4. Математика үйірмесі. Онда математикаға ерекше бейімі бар оқушылардан 3-4-сыныптан бастап ұйымдастырылады. Үйірме сабақтары белгілі жоспар бойынша, оқушылардың тұрақты құрамымен жүйелі түрде айына 2-3 рет жүргізіледі. Онда балаларды есептеудің жаңа әдістерімен, қиынырақ есептерді шығару тәсілдерімен, кейбір математика тарихы мәселелерімен таныстырылады. Үйірме мүшелері газет шығаруға, бұрыш жасауға, кеш ұйымдастыруға ерекше тартылады.

## **ЖОҒАРҒЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДАҒЫ СТУДЕНТТЕРДІҢ ӨЗДІК ЖҰМЫСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖОЛДАР**

Бүгінгі таңда қоғамымыздың даму бағытында жан-жақты дамыған, сауатты, саналы азамат тәрбиелеу мәселесі жүктеліп отыр.

Жоғарғы оқу орындарында студенттердің жеке тұлғасын қалыптастыру, оның рухани әлемін әрдайым байыту, оқуға деген ынта-жігерін арттыру, қоғамдық өмірдегі барлық салалардағы өзгерістер адамның интеллектуалдық күш – жігерін, саналы әркеті мен ізденімпаздығын, танымдық ой-өрісіннің белсенділігі мен іс-әрекетін шығармашылық сипатта жүзеге асыруды талап етеді.

Оқытушының әрбір өтілетін сабағы қазіргі кездегі заман талабына сайкес оқыту талаптарына сай болып келуі қажет. Демек, жастарды еңбектің қай саласында да , білім алуда да тек мәлімет жиынтығын меңгеруімен шектелмей, студенттердің өзіндік іс-әрекетін тиімді ұйымдастыра отырып, сол тұрғыда өз болмысын таныта алатын студент етіп даярлау қажет болып отыр.

Әр ғылымның барлық саласында болмысы білім мазмұны мен көлемі қауырт өсіп отырған қазіргі ғылыми-техникалық процесс кезінде бұл міндеттердің жүзеге асуы оқыту үрдісінде студенттердің өзіндік оқу жұмыстарын оңтайлы ұйымдастырудың тиімді әдістері мен тәсілдерін, оқыту түрлерін, нысандарын іздестіру өзекті сипатқа ие болады. Себебі, студенттердің өзіндік жұмыстарын арнайы ұйымдастыру оқу үрдісін жетілдірудің негізгі шарты болып табылады.

Қазіргі таңда сай өзіндік іс-әрекетін жаңа жағдайға байланысты оңтайлы ұйымдастыра білуі тиіс.

Студенттің өзіндік жұмысы - болашақ мамандарды даярлаудың және білім сапасын арттырады. Осыған орай жоғары оқу орындарында әр білім алушыдан ой еңбегінің ұтымды әдістерін білуі, яғни аз уақыт кетіріп

қажетті ақпаратты іздеп және меңгеруді, фактілер, теорияны, тұжырымдамаларды жүйелеп және жіктей білуді, өз көзқарасын нақты айтып және дәлелдей білуді үйренуі талап етіледі.

Студенттің өзіндік жұмысы – бұл студенттің дидактикалық тапсырмаларды өзінше орындауға, танымдық әрекеттерге қызғушылығының қалыптасуына және нақты бір ғылым саласында білім жинақтауына бағытталған студенттің оқу әрекетінің ерекше түрі[1].

Өзіндік жұмыс студенттердің шығармашылық қабілеті мен біліктерін дамытуда олардың барысында тиімді, әрі өнімді еңбек етуіне мол мүмкіндіктер жасайды. Өзіндік жұмысты оңтайлы ұйымдастыру елеулі практикалық міндет және маңызды ғылыми проблема болып табылады.

Өзіндік жұмысты ұйымдастыру мәселесіне көптеген зерттеулер арналған. Олар педагогикалық әдебиеттерде алғаш өзіндік жұмыс мәселелерін В.К.Буряк, Е.Я.Голант, Б.П.Есипов, Р.Г. Лемберг, Р.М. Микельсон, И.И. Пидкасистый, Е.С.Саблик, М.Н. Скаткин еңбектерінде зерттелініп, оқу үрдісінде білім алушылардың өзіндік жұмысын жүйелі түрде қолдану негіздері қарастырылды.

Студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастырудың мәнін дидактикалық тұрғыда қарастырғандар: А.Е.Абылқасымова, Н.А.Адельбаева, С.И.Архангельский, М.В.Буланова-Топоркова, М.Г.Гарунов, И.И. Кобыляцкий, Р.Н. Низамов еңбектері арналған.

Өзіндік жұмысқа берілетін анықтамалардың әртүрлігіне қарамастан, оларды бірнеше шағын топқа бөлуімізге болады.

И.Т.Протасовтың ойынша, өзіндік жұмыс біліктілік пен іскерлік жиынтығы.

Г.Н.Кулагина өзіндік жұмысты студенттің іс-әрекет құралы белсенділігі мен өз бетімен білім алуға дайындығы деп түсінеді.

Г.Н.Дари өзіндік жұмыстың мәнін былайша айтады. Бұл жұмысты студент өз бетімен орындайды, ол өзінің біліміне, іскерлігі мен сеніміне, өмірлік тәжірибесі, дүниетанымына сүйене отырып атқарады[2].

Жоғарғы оқу орындарында жүріп жатқан түбегейлі өзгерістерге байланысты СӨЖ-дің маңызы артқанын, ондағы оқытушының орнын, кредиттік оқыту жүйесінде оны ұйымдастырудың кейбір ерекшеліктері мен мәселелерін отандық зерттеушілер С.Е. Калдыкозова, А.Головчун және ресейлік зерттеушілер Е.Галицких, Ю.Попов пен В.Оробинский, И.Г. Ковалевский, Г.Ларионова еңбектерінде қарастырылады.

Педагогика-психология ғылымында, өздігінен білім алу, студенттердің ақыл-ойының дамуының жоғарғы көрсеткіші деп қарастырылады.

Өзіндік жұмыстары әр түрлі әдістер арқылы іске асырылады, мысалы: жаттығу, кітаппен жұмыс істеу, бақылау, есеп шығару, эксперимент жүргізу т.б.

Студенттердің өздігінен орындайтын жұмыстарының бір жаттығулар мен тапсырмалар болып табылады. Сондықтан жоғарғы оқу орындарында әрбір курста оқытушылардың басшылығымен студенттер жаттығуларды өз бетімен жұмыс істеуге ұмтылады.

Студенттердің өзіндік жұмысы болашақ маманның шығармашылық ойлауын, танымдық қызығушылығын және арнайы білім алуын қамтамасыз ететіндіктен жаттығулардың маңызы зор.

Р.С.Немов төмендегідей қорытынды жасаған: «Білік дағдылардың барлық түрлерін қалыптастыруда жаттығулардың маңызы зор. Олардың негізінде дағдылар автоматтандырылып, біліктілер жетіледі. Ал күнделікті, жүйелі жаттығуларсыз, білік, дағдылар өз қасиеттерін жоғалтады»[3].

Өз бетімен жұмыстың маңыздысы - студенттің өз беттерімен орындай алуларына, оқуға белсенділігінің артуына, шығармашылығын қалыптастыруға ықпалы мол. Өз бетімен жұмыс жасау барысында студент

Р.Сүлейменов[3] өздігінен істейтін жұмыстарды әрекет сипатына қарай жаттығу, зерттеу шығармашылық жұмыстар деп топтастырады. «Шығармашылық еңбекте студенттің іскерлік қабілеті, білім көлемі, білім молдығынан туатын толық дербестігі айқын көрінуі тиіс». Шығармашылық жұмыстар студенттердің дүниетанымына, ізденімдік қабілетінің дамуына, тұлға ретінде қалыптасуына ықпал етеді. Онымен қатар өздігінен ой қорытып, шешім шығаруға, дұрыс сөйлеп, сауатты жазуға, тіл байлығын арттыруға жәрдемдеседі.

Оқытушының сабаққа дайындалғанда өзінің әрекеттерін ойластыруымен шектелмей, деңгейіне қарай студенттің әрекетіне мән беруі тиіс.

Өзіндік жұмыстың түрлері сан алуан. Оларды топтастыру-өте күрделі мәселе. Сондықтан студенттердің өзіндік жұмыстарын таныстыру үшін бірнеше шарттар мен белгілерді ескеру керек.

Оқытудың мақсат міндеттеріне және пәннің мазмұнына, оқыту әдістерінің ерекшеліктеріне, студенттің даму дәрежесіне қарай өзіндік жұмыстарды бірнеше топқа бөлуге болады. Оның негізгі жиі кездесетін бір тобы - сабақ мақсатына қарай қолданылатын жұмыстың түрлері. Олар мыналар:

- жаңа білімді меңгеруі;
- жаңа білімді бекіту;
- білім мен дағдыларды қайталау, бақылау және тексеру.

Студенттердің жұмыстарының барлық топтарын оқытушы оқыту барысында жүйелі түрде әрқайсысын өзіне тиісті жерінде қолдануға міндетті және оның бір ерекшелігі – оқыту үрдісінің барлық кезеңдерінде қолдануға болады. Сондай-ақ студенттермен жүргізілетін өзіндік жұмыстары олардың таным, іс-әрекеттерінің ерекшеліктеріне қарай әр түрлі бағытта ұйымдастыруға болады.

Уақытты тиімді пайдаланып, оқушының өз бетімен тапсырманы орындауына ұдайы жағдай жасалуы қажет. Ол үшін мынадай міндеттер орындалу керек:

-Студенттерге өзіндік жұмыстар туралы түсінік беру.

-Студенттердің өз бетімен тапсырма орындау әдістерін таныстыру.

Өзіндік жұмыстарды ұйымдастырудың негізгі шарттары мыналар:

1. Оқытушының нақты тапсырмалар беруі;
2. Жұмысты орындаудың және аяқтаудың дербестігінің өзара байланысы;
3. Жұмысты орындаудың және аяқтаудың уақытын белгілеу;
4. Олардың жұмысты өз еркімен және қалауымен істеуі.

Студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастырудың маңызы өте зор. Өйткені, сол арқылы студенттердің іс-әрекетінің дербестігі артады.

Студенттің өзіндік жұмысы- кез-келген пәнді оқуға өзіндік жұмыстың орындалу әдістерінің қалыптасуына бағытталғанымен, бұл жұмыс- студенттің ғылыми, оқу кәсіби қызметін қалыптастырып, мәселелерді өзіндік шешуіне оптималды шешімдерді қабылдауға, дағдарыстық жағдайлардан шығуға арналған.

Жоғарғы мектептің орта мектептен ең басты айырмашылығы-оқыту жұмысының әдісі және оқушылардың жеке деңгейі болып табылады.

Жоғарғы оқу орындарында студент білімді өзі жинап, ғылымды өзі таниды, ал оқытушы тек студенттердің танымдық қызметін ұйымдастырады және бақылайды. Сондықтан студенттің өзіндік жұмысы-оқыту қызметінің барлық түрлерінің міндеттерін анқытайды.

Сонымен қатар, студенттердің өіндік жұмыстарының тәрбиелік мағынасы өте зор. Өйткені, бұл жұмыс-студенттің білім алудағы жеке жұмысын ғана емес, қазіргі заманғы жоғарғы кәсіби маманды тұлға ретінде қалыптасуына мүмкіндік береді.

Студенттің өзіндік жұмысы ұйымдастыру жоғарғы оқу орындарындағы негізгі нормативті құжаттармен сәйкестендіріліп, жүзеге асады.

Студенттің өзіндік жұмысын белсендірудің тәсілдері ұйымдастырушылық және әдістемелік болып бөлінеді. Әдістемелік жағынан белсендіру қолданылған әдіс-тәсілдерге, студенттің өзіндік жұмысының формалары мен ұйымдастыру құралдарына байланысты.

Өзіндік жұмысты оқытушының дұрыс басқара білу және студенттердің дербестік әрекетінің дәрежесі артып отыруы- осы жұмыстың белгілері болып табылады.

Студенттердің өзіндік жұмысының маңызын толығырақ түсіну үшін, оның атқаратын негізі мен міндеттерін атап өткен жөн болар.

1. Студенттердің дербестік қабілетін мейлінше арттыру.
2. Олардың алған білімінің саналылығы мен беріктігін қамтамасыз ету.
3. Студенттерге оқуға қажет біліктер мен дағдыларды қалыптастыру.
4. Таным ақыл-ой қабылетін дамыту.

Сонымен, өзіндік жұмыс студенттердің шығармашылық әрекеті мен ынтасын дамытуда зор әсер білдіреді, қайсарлық, табандылық, батылдыққа тәрбиелеуде және қалыптастыруда көздеген мақсатқа жетуге және жеке тұлғаны сапалық қасиеттерін жетілдіруге зор мүмкіндік береді.

## **Жоғарғы Оқу Орындарында студенттердің өзіндік жұмыстарын ұйымдастырудың формасы ретінде**

Кредиттік оқу жүйесінде өзіндік жұмыс студенттің білім алудағы негізгі әрекетіне жатады. Динамика мен өзгерістерге толы ақпараттың шектен тыс өрбіген заманында тұлғаның негізгі қасиеті өздігімен үйрену мен білімді игеру болып табылатындықтан, өзіндік жұмыстың маңызы арта түсері сөзсіз.

Өзіндік жұмыс студенттердің пәнді жүйелі түрде меңгеру, игерілген білім, білік, дағдыларды бекіту, дәріс және тәжірибелік сабақтарына жан-жақты дайындалуын қамтамасыз етеді.

Өзіндік жұмыстың маңыздылығы мен оның қажеттігі туралы ғалымдардың пікірлеріне тоқталатын болсақ:

А.Дистервег: «өзбетінше әрекет ету - өздігінен білім алуға жетелейтін таным еркіндігі», - деген.

К.Д.Ушинский: «өз бетінше жұмыс – оқытуда жетістікке жеткізудің бірден-бір жолы. Себебі өз бетінше жұмыс білім алушыға «мұғалімнің көмегінсіз» жаңаны табуға, білуге ұмтылуға негіз болады», - деп көрсеткен.

Ы.Алтынсарин: «Маңыздысы-оқушының өз бетінше ойлана білуі... Оқыту методтары-балалардың жүре келе мектепке, сабаққа, кейіннен ғылымға, өз бетімен білім алуға құмарландыратын жол», - дейді.

Ғалым Асхат Әлімов: «өзіндік жұмыс студенттің оқытушының қатысуынсыз және аудиториядан тыс уақытта оқу жоспарында (силлабуста) белгіленген тапсырмаларды орындап, атқарған жұмысы туралы жазбаша есеп немесе ақпарат беруі», - деп көрсеткен.

Демек, студенттің өзіндік жұмысы – оқытушының қажетті нұсқаулары бойынша орындалатын, оқу жұмысының бір түрі.

Студенттердің өз бетінше жұмысы тек қана оқытудың педагогикалық әдістері мен құралдары ретінде ғана емес, зерттеудің нысаны ретінде де танылады.

Қорыта келгенде оқу үдерісінде өз бетінше жұмыс деп – белгілі уақыт ішінде алға қойған дидактикалық мақсатты орындауға бағытталған білімді іздеу, оны ұғыну, бекіту, білік және дағдыны қалыптастыру және дамыту, білімді жүйелеу және талдап қорытуды айтамыз.

Өзіндік жұмыста студенттер алған теориялық білімдерін талдап, қорытынды мен тұжырымдар жасап, оларды тәжірибеде қолдануға үйренеді.

Жалпы алғанда өзіндік жұмыс студенттің өз біліміне деген жауапкершілігін арттырып, өз білімінің мазмұндық траекториясын анықтауға және қолданатын әдіс-тәсілдерді таңдауға баулиды. Бүгінгі күні мұндай біліктерді меңгеру білім алу үрдісінің басты мақсатына айналып отыр.

Студенттердің өзіндік жұмыстарын ұйымдастырудың көптеген формалары бар. Оның ішінде ЖОО-нда студенттердің өзіндік жұмыстарын ұйымдастырудың формаларының бірі – «портфолио». Портфолио ұғымына тоқталмастан бұрын «кейс»-тен айырмашылығын ата кеткен жөн. Бүгінде экономикалық және әлеуметтік мамандықтар бойынша білім алудың тиімді әдістерінің біріне айналған кейіс әдісі теориялық білім алған студенттерді болашақ мамандықтың практикасына негізделген әрекеттерге баулиды.

Кейс–таңдау жасау мен шешім қабылдау дағдыларын қалыптастыратын тиімді әдіс. Кейстің мақсаты студенттерді келесідей әрекеттерге жұмылдыру:

- кез-келген теориялық мәлімет пен ақпаратты талдау;

- негізгі проблемаларды айқындау;
- проблемаларды шешудің әр түрлі балалама жолдары табу;
- өз іс-әрекеттерін жоспарлау.

Кейс практикалық материалдарды жан-жақты қарастыру арқылы пәннің теориялық мазмұнын толықтырады. ал, портфолио – студенттің жеке дара жасаған жұмыстары мен жетістіктерінің жинағы. Портфолио студент семестр бойы атқарған жазба жұмыс үлгілерін сақтап, семестр аяғында үйренгені туралы есебін жинақтайды.

Жалпы айтқанда портфолио – студенттің оқу үдерісіне қалайша қатысатындығын көрсететін жұмыстарының жиынтығы ретінде оқудың тиімділігі деңгейін айғақтайды, оқу үдерісінің студент үшін қандай нәтиже беретіндігін көрсетіп, олармен кері байланыс құру тәсілі болып табылады. Бұған қоса портфолио студенттердің бірлесе жұмыс жасап, оқытушылармен әрекеттесуге мүмкіндік береді, өйткені студенттердің жетістіктері мен дамуының динамикасын талдау жұмысына студенттердің өздері мен оқытушының қатысуын талап етеді. Портфолио студенттердің пән бойынша үлгерімін нақты бағалауға мүмкіндік береді.

Портфолио - бағалау тәсілі ретінде алғаш 1980 жылдары АҚШ-та қолданылды.

Портфолио ұғымы итальян тілінен аударғанда «құжаттар салынған папка», «маман папкасы» деген мағынаны білдіреді.

Портфолионы қолдану:

- студенттің таңдаған бағыты бойынша үздіксіз өзін-өзі жетілдіруге ұмтылысын талаптандыруға;

- студенттің танымдық қабілеттерін дамытуға, ізденімпаздыққа баулуға;

- студент өзінің іс-әрекетінің барысы мен нәтижесін, жеткен жетістігін бақылап, бағалауға, яғни рефлексиялауға;

- студент өзінің пән бойынша нені біліп, енді нені меңгеруі қажет екендігі туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Сузанна Саффкова портфолио қолдану мынадай мүмкіндіктерге жол ашатындығын көрсеткен:

- оқытушы үшін – студенттің жетістіктерімен танысып, олардың маңыздылығын айқындау мен бағалауға негіз болады;

- студент үшін – тұлғалық тұрғыдан дамып, мотивация мен өзіндік жетістіктер, кемшіліктер мен мүмкіндіктер туралы түсініктерінің өзгеруіне байланысты әрі қарай жетістіктерге жетуіне мүмкіндік береді;

- оқу орны үшін – студенттердің мүмкіншіліктерін айқындап, соған бацланысты оқу бағдарламалары, сабақ беру әдістемесі мен оқу үдерісін ұйымдастыруды студенттердің мүмкіншіліктеріне байланысты өзгертуге бағыт жасайды.

Портфолио бірнеше қызмет атқарады:

- жинақтаушы – студенттердің жұмыстарының жиынтығы;

- үлгі (модель) – студенттің жеке оқу траекториясын қалыптастырудың құралы, өйткені ол әр студентке оқудың өзіндік стратегиясын айқындап, қажетті материалдар мен жұмыс түрлерін таңдау мүмкіншілігін береді;


- ой-толғанис пен шығармашылық – студенттерге оқу/үйрену және кәсіби тұрғыдан қажетті әдістер мен тәсілдердің қолдануын ұғынып, оларды қолдану мен өзгерту мүмкіншіліктерін береді.

Әдетте портфолионың екі түрі бар екендігін атауға болады: өсу портфолиосы (мұнда студенттің жеке тұлғалық және кәсіби дамуы көрсетіледі) және нәтижелер портфолиосы (жыл бойы қол жеткізген ең елеулі нәтижелері). Алайда портфолионың түрі студент пен оқытушының мақсаттарына орай таңдалатындықтан, оны әр түрлі тұрғыдан қарастыруға болады.

Портфолионың құрылымы алдын-ала анықталып, оның қандай жұмыстар мен құжаттардан тұратындығы белгілеп алған орынды. Портфолионың қандай бөлімдер мен рубрикалардан тұратындығын студенттің өзі таңдауы керек, бұл жерде оқытушы оған бөлімдер мен рубрикалардың тізімдерін ұсынып, олардың ішінде қандай материалдар болуы керектігі айтылады.

Портфолионы құрастыруда басты ескерілетін мәселе пәннің ерекшелігі мен әр студенттің жеке даралық ерекшеліктері. Жалпы қорыта келгенде портфолионы студенттің өзбетінше жұмыстарын ұйымдастыру мен оны бақылап, бағалау үшін қолданылады.

# МЭТИНДЕРДИ РЕДАКТОРЛАУ



# МЭТІНДЕРДІ РЕДАКТОРЛАУ

- Жеке компьютерден пайдаланушыларда турлі кужжат және мәтіндерді даярлау мүмкіндігі туылуы табиғи. Жеке компьютерлердін бул іске қаратылуы пайдаланушы үшін көп деген қолайлықтар жаратты және кужжаттардын сапасын асырады. Пайдаланушы кужжатты енгізіп, оны экранда қалауынша өзгертіп, макетін жаратады. Бул қолайлықтарды мәтін редакторлаушылары деп аталушы арнайы дәстүрлер береді. Дәстүрлер мүмкіндіктеріне қарап, томендегі түрлерге бөлінеді.

# МЭТИНДЕРДИ РЕДАКТОРЛАУ

- *Мэтин редакторлаушылары.*
- *Кужжат редакторлаушылары.*
- *Акпарат системалары.*

# МЭТИНДЕРДИ РЕДАКТОРЛАУ



- Мэтин редакторлаушылары дэстур мэтиндерин енгизу, озгерту, кошiру, нускасын кагазга кошiру сиякты мумкiндиктерге ие. Оларды дaстурлеу системалары курамында болады. Мысалы, Turbo C, Turbo Paskal сиякты дэстурлер.
- Кужжат редакторлаушылары кужжаттарды редакторлау, турли
- шрифтерден пайдалану, катарлар арасындгы интервалды орнату, формулаларды жазу, кесте, диаграмаларды жарату баска мумкiндиктерге ие. Бул редакторлаушыларга Лексион, Chiwriter, WD, Microsoft Word және баскалар мысал бола алады.





# МЭТИНДЕРДИ РЕДАКТОРЛАУ

- *Word редакторлаушылары Microsoft фирмасынын онімі. Бул редакторлаушы Windows мухитында жумсалады. Word редакторлаушыга кіру үшін буйрыктар катарындагы Пуск түймесі басылады. Пайда болган тізімнен*
- *«Программы» - Microsoft Word*
- *карама-карсы кіргізілген. Яки Word жарлыгы тустінде «тышканша» түймесі екі рет басылады. Нэтижеде экранда*




*Word тын дәстүр айнасы пайда  
болады. Word тын экран  
элементтері мыналар:*



# Microsoft Word айнасынын элементтері:

- *А-Линейка-жұмысшы майдан шегарасын белгілейді.*  
*Б-Миню катары-жори кужжат және дәстур ат.*  
*В-Баскарушы панелі-бұйрык түймешелері жиынтыгы.*  
*Г-Алфабит-санды курсор-сол уакытта мәтін кірітілген позицияныкосетеді.*  
*Д-Вертикал және горизантал откізгіш-кужжаттын айнага симаган кысымдарын кору кезенін береді.*  
*Е-Мәлімет катары-бежерілген бұйрыктар, баскарушы панелі түймешелері, курсордын жайласу кезені турысында мәлімет береді.*  
*Ж-Меню катары-9болімнен туратын бұйрыктар жиынтыгы.*  
*Дәстур айнасы және кужжат айнасы элементтері мен біз жогарыда таныстык. Томендегі меню бұйрыктары корінісін келтіреміз. Word менюсі мына болімдерден турады.*



## ҚОРЫТЫНДЫ

Заман талабы оқу үрдісінде компьютерлік технологияны енгізу, оны кең көлемде қолдануды қажет етеді.

Компьютерлік технологияны қолдану оқытуға арналған программалық жабдықтарды (электрондық оқулықтар т.б.) сабақта тиімді қолдану пән мұғалімдерінің мол тәжірибесін, ізденісін, әдістемелік шеберлігін қажет етеді. Өз тәжірибемде оқушылардың қазақ тіліне деген қызығушылығын арттыруда мүмкіндігімше компьютерді пайдаланамын.

Оқу жұмысын ұйымдастырудың негізгі түрі – сыныптық сабақ жүйесі екені бәрімізге мәлім. Осыған орай менің тәжірибемде сабақтың қалыптасқан дәстүрлі түрінен басқа, дәстүрлі емес сабақтар түрлері де пайда болуда. Олар көбінесе оқытудың жаңаша әдістеріне негізделіп құрылуда. Ондағы мақсатым-әрбір сабақтың оқу - тәрбиелік мүмкіншіліктерін ескере отырып, оны жаңа сапалық сатыға көтеру.

Бүгінде оқыту жұмысын осылай ұйымдастыру мен әдістің жаңалығы басқа ұстаздардың жаңа жағдайға байланысты оқу-тәрбие процесін шығармашылықпен пайдаланудың негізгі өлшеміне айналуда.

Оқытудың жаңа инновациялық әдістері мені пәнге байланысты жаңа технологияларды пайдалануға итермелейді.

Инновация деген ұғым латын тілінде жаңарту, жаңалық, өзгеріс енгізу деген түсінікті білдіреді. Оның мәні – білім беруге және өздігінен білім алуға негізделген қабілетті дамытады.

Қазіргі таңда оқушы- ақпаратпен қаруланған, жан-жақты дамыған тұлға. Оның білімдік қабілеттерін дамыту үшін біздер, мұғалімдер жан-жақты қаруланған болуымыз керек.

*«Өзіндік жұмыс тәлімін жаратуда компьютер технологияларынан пайдалану әдістері»* атты кәсіптік бітіру жұмысынан теренірек оз беттерінше істеуінде және пәнге болған қызығушылығының арта түсуіне қызмет етеді деген үміттемін.

## ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Каримов И.А. “Ўзбекистон буюк келажак сари”. - Тошкент.: Ўзбекистон, 1998.
2. Баркамол авлод -Ўзбекистон тараккиётининг пойдевори. (Ўзбекистон Республикасининг “Таълим тугрисида” ва “Кадрлар тайёрлаш. Миллий дастури тугрисида”ги қонунлари). -Т.: “Шарқ”, 1998. -
3. Абдуқодиров А., Хаитов А., Шодиев Р. Ахборот технологиялари Академик лицей ва касб – ҳунар коллежлар учун дарслик. – Т.: Ўзбекистон, 2001 й
4. Раҳмонқулова С.И. IBM PC шахсий компьютерида ишлаш. – Тошкент. 1998. –
5. Сатторов А. Информатика ва ахборот технологиялари. - Академик лицей ва касб – ҳунар коллежлар учун дарслик. – Т.: Ўзбекистон, 2002 й.
6. Юлдашев У.Ю , Боқиев Р.Р., Зокирова.Ф.М. Информатика.-Т, 2002
7. У. Юлдашев, Р.Р. Боқиев, М.Э. Мамаражабов. EXCEL 97: Ўқув қўлланма. – Т., 2000.
8. Арипов М. Internet ва электрон почта асослари.- Т.; 2000 ж
9. Информатика. Под ред. Проф. Н.В.Макаровой.- М.: 1997.

### **Қосымша әдебиеттер тізімі:**

1. Асанов Н. Өіндік жұмыстардың ерекшеліктері. Алматы, 2004
2. Р.Б.Исмаилова Студенттермен жүргізілетін өзіндік жұмыстарды ұйымдастырудың ерекшеліктері. // Бастауыш мектеп- №5,6-2012, Б.36-37.
3. Абдукаримова У. Самостоятельная работа студентов. Алматы, 1999
1. Әлімов А. Интербелсенді әдістерді жоғарғы оқу орындарында қолдану: оқу құралы. – Алматы, 2009.
2. Лебедева М., Шилова О. Электронный портфолио в работе со студентами педагогического университета - Перемена международный журнал о развитии мышления через чтение и письмо-Том 6, №4-2005
3. Сузанна Саффкова Портфолио как способ научить письменной аргументации. Перемена международный журнал о развитии мышления через чтение и письмо- 2001
4. Селевко Г.К. Современные образовательные технологии. – М.: Народное образование.-1998.
5. Мынбаева А.К., Садвакасова З.М. Инновационные методы обучения, или как интересно преподавать: учебное пособие: 4-е изд., доп. – Алматы, 2010.